

11. *Qazaq halyq ertegileri. Kerkula atty Kendebay* (1988) [Kazakh folk tales. Kendeбай on the horse Kerkula]. Almaty: Zhalyн. (In Kazakh).  
12. Baron-Carvais, A. (1985) *La bande dessinée*. Paris: Presses Universitaires de France.

Received: 29.12.2025

FTAXP 17.07.29

DOI: [10.59102/kufil/2026/iss1pp110-125](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss1pp110-125)

\*Ж. Жылқыбайұлы<sup>1</sup>, Р.С. Тұрысбек<sup>1</sup>, А.Ж. Серикова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>докторант, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010008, Қазақстан

<sup>2</sup>ЖМ «Қазақмыс» корпорациясының политехникалық колледжі, Қарағанды, 100026, Қазақстан

## XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНДЕГІ ӘДЕБИ ДИСКУРСТЫҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДАНУ ҮДЕРІСІ

Мақала XX ғасырдың басындағы қазақ баспасөзіндегі әдеби дискурстың институционалдану үдерісін кешенді зерттеуге бағытталған. Зерттеудің негізгі мақсаты – қазақ баспасөзінің әдеби дискурс қалыптастырудағы рөлін анықтау және оның қоғамдық, нормативтік және эстетикалық функцияларын көрсету. Ғылыми бағыт тақырыптық тұрақтылық, авторлық қауым, нормативтік өлішем және қоғамдық функция төрт негізгі критерийге негізделеді. Мақалада «Айқап» журналы мен «Қазақ», «Сарыарқа», «Жас азамат» газет-журналдарының материалдары, әйел бейнесінің әдеби дискурсқа қосқан үлесі, аударма әдебиеті мен әдеби сынның институттық рөлі талданады. Зерттеудің әдіснамалық негізі контент-анализ, дискурс-талдау, тарихи-компаративтік үш әдіске сүйенеді. Контент-анализ–мәтіндердің жанрлық, тақырыптық және әлеуметтік мазмұнын жүйелі қарастыруға мүмкіндік береді, дискурс-талдау – әдебиет пен қоғам арасындағы байланыс пен институционалдық рөлді ашуға ықпал етеді; тарихи-компаративтік әдіс – әдеби процесті тарихи және мәдени контекстте салыстыру арқылы оның дамуын көрсетуге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері қазақ әдебиетінің қоғамдық сана мен ұлттық жаңғыру идеясын қалыптастырудағы рөлін, жеке шығармашылық тәжірибеден ұжымдық әдеби субъект қалыптастыру үдерісін, әдеби форманың енгізілуін және әдеби ұйым мен газет-журналдардың эстетикалық бағыт-бағдарларын анықтайды. Зерттеу нәтижелері дискурстық институционалданудың қалыптасуы қазақ әдебиеттануы мен мәдениеттануда әдеби баспасөздің дамуын түсінудің жаңа мүмкіндіктерін ашады. Мақала әдеби дискурсты институционалды тұрғыдан жүйелі зерттеу арқылы қазақ әдебиеттануы мен мәдениеттануда теориялық базаға үлес қосады.

Кілт сөздер: қазақ баспасөзі, әдеби дискурс, институционалдану, әдеби сын, ел әдебиеті, әдеби үдеріс, шығармашылық ықпалдастық

### НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

XX ғасыр басындағы қазақ баспасөзіндегі әдеби дискурстың институционалдану үдерісін зерделеу ең алдымен «дискурс» және «мәтін» ұғымдарының өзара байланысын теориялық тұрғыдан айқындауды қажет етеді. Қ.К. Кенжеқанова орыс зерттеушісі Е.И. Шейгал ұсынған тұжырымға сүйене отырып, лингвистикалық зерттеулерде дискурстың сөз әрекетінің оқиғасы ретінде түсіндірілетінін, ал мәтіннің осы әрекет барысында ментальды конструкт ретінде қалыптасатынын атап көрсетеді [1, 47]. Бұл қағида әдеби мәтінді дербес, оқшау құбылыс ретінде емес, оны тудырған әлеуметтік-мәдени, коммуникативтік жағдайлармен бірлікте қарастыруға мүмкіндік береді. XX ғасыр басындағы қазақ баспасөзіндегі әдеби материалдар (өлең, әңгіме, сын мақалалар, пікірталастар) белгілі бір

тарихи кезеңдегі дискурсивтік әрекеттің нәтижесі ретінде пайымдалады. Бұл бағыттардың барлығы ХХ ғасыр басындағы қазақ баспасөзін жай ақпарат тарату алаңы емес, қоғамдық ой мен әдеби сананы қалыптастыратын дискурсивтік институт ретінде түсіндіруге теориялық негіз қалайды. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеудің негізгі тірек ұғымдарының бірі – институционалды дискурс. М.Ю. Олешков институционалды дискурсқа тән белгілерді «1) білікті қатысушылардың болуы; 2) локализацияланған хронотоп; 3) әлеуметтік институт шеңберінде конвенциялық түрде шартталған мақсат; 4) ритуалды түрде бекітілген құндылықтар; 5) типтік жағдаяттардағы сөйлеу әрекеттерінің реттілігін айқындайтын «бекітілген» стратегиялар; 6) шектеулі жанрлар жүйесі; 7) прецедентті феномендердің (аттардың, пікірлердің, мәтіндердің, жағдаяттардың) тұрақты сақталуы» [2,123], – деп көрсетеді. Бұл белгілер ХХ ғасыр басындағы қазақ баспасөзінде айқын көрініс табады. Белгілі авторлар шоғырының қалыптасуы, газет-журнал кеңістігінің тұрақты хронотопқа айналуы, ағартушылық-ұлттық мақсаттың үстем болуы, жанрлық жүйенің (мақала, фельетон, әдеби сын, көркем мәтін) орнығуы – әдеби дискурстың институционалдану деңгейін көрсететін маңызды көрсеткіштер. Алайда, дискурс ұғымы тек әлеуметтік немесе институционалды сипатпен шектелмейді. Ол әлеуметтік және жеке әлемді қатар қамтитын, автор мен оқырманды байланыстыратын күрделі тұтастық. Дискурс әлеуметтік-мәдени тәжірибені (қоғамдағы әрекеттер мен оқиғаларды) және жеке тәжірибені (сезімдер, эмоциялар, ойлар, автор мен оқырман арасындағы қатынасты) біріктіреді. Нидерландық лингвист Теун А. van Dijk «Институционалды кеңістікте сөйлеу құқығы көбіне тек сұралған жағдайда ғана беріледі, ал бұқаралық ақпарат құралдарындағы дискурста әлсіз топтар негізінен қабылдаушы рөлінде қалады» [3], – деп тұжырым жасайды. Отарлық дискурста бұл түсінік Империяның институционалды басқару негізінде жүзеге асты. Отарланған әлсіз халықтардың өкілдері баспасөзде тек «қабылдаушы» рөліне танылып, жеке субъект ретінде көрінбеді. В.А. Маслова атап көрсеткендей, «әдеби-көркем дискурстың басты айырмашылығы – оның эстетикалық қызметі мен қарым-қатынастың көркем сипаты. Эстетикалық қызмет оқырманға эстетикалық мәлімет беріп қана қоймай, оның көңіл-күйіне, танымына, дүниені қабылдау тәсіліне әсер етуді көздейді» [4, 64 б.]. Осы зерттеуде «әдеби дискурстың институционалдану үдерісі» ұғымы әдеби мәтіндердің кездейсоқ, эпизодтық жариялануынан жүйелі, нормаланған, қоғамдық мақсатқа бағындырылған және тұрақты коммуникациялық кеңістікке айналу процесі ретінде түсіндіріледі. Бұл үдеріс барысында әдебиет белгілі бір әлеуметтік институттың (баспасөз, ұйымдар, редакциялық саясат, әдеби сын) шеңберінде қызмет атқарып, өзінің қатысушылары, жанрлық жүйесі, құндылықтары мен мақсаттары айқындалған дербес дискурсивтік сала ретінде орнығады.

## КІРІСПЕ

ХХ ғасырдың басы қазақ қоғамының рухани және мәдени дамуында сапалық бетбұрыс кезеңі болды. Осы кезеңде қазақ баспасөзі («Айқап», «Қазақ», «Сарыарқа», «Жас азамат») тек ақпарат тарату құралы емес, ұлттық сананы қалыптастыратын, қоғамдық пікірді бағыттаушы және әдеби үдерісті жүйелейтін маңызды мәдени институт ретінде қызмет атқарды. А.Қ. Қожахмет, Л.М. Хусаинованың тілімен айтқанда, «Тіл, сөйлеу, мәтін және дискурс ұғымдарының қай-қайсысы да тең дәрежеде коммуникацияға тәуелді» [5]. Газет-журнал беттерінде көркем мәтіндердің, әдеби сын мен пікірталастардың тұрақты жариялануы әдебиетті қоғамдық коммуникацияның дербес саласына айналдырды.

Қазіргі әдебиеттануда ХХ ғасыр басындағы қазақ әдеби үдерісі көбіне идеялық-ағартушылық немесе тарихи-саяси тұрғыдан қарастырылып келеді. Ал әдеби мәтіндердің баспасөз кеңістігінде жүйеленуі, авторлық қауымның қалыптасуы, көркемдік талаптардың орнығуы және әдебиеттің қоғамдық миссиясының айқындалуы сияқты құбылыстарды әдеби дискурстың институционалдану үдерісі ретінде кешенді зерттеу жеткілікті деңгейде жүзеге асқан жоқ. Осы тұрғыдан алғанда, аталған мәселені дискурс теориясы мен институционалды талдау негізінде зерделеу зерттеудің өзектілігін айқындайды.

Зерттеудің мақсаты – XX ғасыр басындағы қазақ баспасөзіндегі әдеби дискурстың институционалдану үдерісін теориялық тұрғыдан негіздеп, оның негізгі белгілері мен құрылымдық формаларын анықтау. Осы мақсатқа сәйкес әдеби дискурс пен институционалдану ұғымдарының теориялық негіздерін айқындау, баспасөздегі әдеби материалдарды жүйелі талдау және институционалдық белгілердің қалыптасу логикасын көрсету міндеттері қойылады. Зерттеу гипотезасы бойынша әдеби дискурс тақырыптық тұрақтылыққа ие болып, авторлық қауымның қалыптасуы, әдеби формалардың орнығуы және қоғамдық функцияның бекітілуі арқылы дербес институционалдық сипат алды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – қазақ баспасөзіндегі әдеби үдерісті алғаш рет дискурстық-институционалдық модель негізінде қарастыруында. Әдеби дискурстың институционалдануын айқындайтын төрт критерий ұсынылып, олардың нақты басылымдар материалындағы көрінісі жүйелі түрде дәлелденеді. Зерттеу нәтижелері қазақ әдебиеті мен баспасөз тарихын жаңа теориялық қырынан пайымдауға мүмкіндік береді.

## МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеудің деректік негізін XX ғасырдың басындағы қазақ баспасөзі құрайды. Негізгі материал ретінде 1911-1919 жылдар аралығында жарық көрген «Айқап» журналы мен «Қазақ», «Сарыарқа», «Жас азамат» газет беттерінде жарияланған әдеби мәтіндер, әдеби-сын мақалалар, аудармалар, редакциялық пікірлер мен әдебиетке қатысты публицистикалық материалдар алынды. Аталған басылымдардағы поэзиялық шығармалар, әдеби шолулар мен сыни пікірлер зерттеу нысаны ретінде жүйелі түрде іріктеліп, мазмұндық және құрылымдық тұрғыдан талданды. М. Жұмабайұлының «Жатыр», Сақыпжамал Тілеубайқызының «Қыз батасы», «Айналып қара, жұрт ағасы сендер де», Өтегенқызы Күләйімнің «Қазақ қыздарына», Хамза Бекмұқаметовтің «Қазақ халқына», Шалманның «Тұрған күй» өлеңдері мен М.Дулатұлы «Манап» драмасы, Р.Мәрсекұлы «Қазақ әдебиеті жайынан», «Н» бүркеншек есіммен жарық көрген «Әдебиетімізге көз салу» атты сыни мақалалар зерттеудің негізі материалы ретінде алынды.

Зерттеу барысында әдеби дискурстың институционалдану үдерісін анықтауға мүмкіндік беретін бірнеше әдіс қолданылды. Контент-талдау әдісі арқылы баспасөз беттеріндегі әдеби материалдардың тақырыптық жиілігі, жанрлық жіктелуі және авторлық құрамының тұрақтану үрдісі анықталды. Бұл әдіс әдеби дискурстың жүйелі сипат алуын және оның қоғамдық функциясының кеңеюін көрсетуге мүмкіндік берді. Дискурс-талдау әдісі әдеби мәтіндерді элеуметтік-мәдени контекстпен бірлікте қарастырып, баспасөздің әдеби нормалар мен эстетикалық өлшемдерді қалыптастырудағы институционалдық рөлін айқындауға бағытталды. Аталған әдіс әдебиет пен қоғамдық сана арасындағы өзара ықпалды, сондай-ақ әдеби сын мен аударманың нормативтік қызметін талдауға негіз болды. Сонымен қатар тарихи-компаративтік әдіс қазақ баспасөзіндегі әдеби дискурсты тарихи кезеңдер мен мәдени үдерістер тұрғысынан салыстыра қарастыруға мүмкіндік берді. Бұл тәсіл әдеби дискурстың ұлттық жаңғыру идеясымен сабақтастығын және жеке шығармашылықтан ұжымдық әдеби субъект қалыптасу динамикасын көрсетуге жол ашты. Қолданылған әдістер кешені зерттеу нысанын жан-жақты сипаттауға, алынған нәтижелердің ғылыми негізділігін қамтамасыз етуге және қазақ баспасөзіндегі әдеби дискурстың институционалдану үдерісін тұтастай пайымдауға мүмкіндік берді.

## НӘТИЖЕЛЕР

Зерттеу барысында XX ғасыр басындағы қазақ баспасөзіндегі әдеби дискурстың институционалдану үдерісін айқындайтын төрт өзара байланысты критерийден тұратын модель ұсынылады:

Тақырыптық тұрақтылық. XX ғасыр басындағы қазақ баспасөзінде әдебиет мәселесі белгілі бір жүйелілік кезеңмен күн тәртібіне қойылды. «Айқап», «Қазақ», «Сарыарқа», «Жас

азамат» газет-журналдардың тақырыптық бағыттарындағы «Өлең-жыр», «Фельетон» сынды арнайы айдарларында жарық көрген поэзия, проза, әдеби сыни мақалалар әдебиеттің көркемдік талап пен ұлт тағдыры арасындағы баспасөздің тұрақты мазмұндық бағытына айналды. Тақырыптық тұрақтылықтың қалыптасуы әдеби дискурстың уақытша пікір алмасудан газет-журнал беттерінде тұрақты талқы нысана айналып, жазба әдебиеттің жаңа мазмұндық кезеңін қалыптастырғанын көрсетеді.

Авторлық қауымның қалыптасуы. Қазақ баспасөзіндегі әдеби дискурс жеке авторлардың оқшау пікірлерінен шығып, ортақ әдеби-мәдени дүниетанымдық және идеялық ұстанымдарға негізделген ұжымдық сипат алды. Газет-журнал беттерінде әдебиет жанрларын жекелей қарастырған және оған қатысты пікір білдіретін тұрақты авторлар шоғыры қалыптасып, олардың қызметі жекелеген мәтіндерден гөрі ортақ дискурстық бағдарға тоғысты. «Жаз азамат» газеті жанынан құрылған «Бірлік» ұйымы осы үдерістің институционалдық көрінісі ретінде айқындалады. Аталған ұйым әдеби әдеби мәселелерді жүйелі түрде талқылап, әдебиеттің драма жанрын дамытуға ұжымдасып, әдеби пікірдің ұжымдық субъект деңгейіндегі қалыптасуына үлес қосты. Бұл жағдай әдеби дискурстың тұлғалық деңгейден ұйымдық-қауымдық деңгейге көтеріліп, әдебиеттің институционалдану үдерісін жеделдетуге мүмкіндік берді.

Әдеби сынның қалыптасуы. XX ғасыр басындағы қазақ баспасөзінде әдеби шығармаларда бағалауға қатысты көркемдік, идеялық, эстетикалық және мазмұндық өлшемдер қалыптаса бастады. Әдеби сын мақалалар арқылы көркем мәтіндердің сапасы, тақырыптық бағыты мен қоғамдық маңызы талданып, әдебиетті дәуірлеуге және оның жанрларына қойылатын талаптар жүйеленді. Бұл үрдіс авторлық қауымдастықта әдеби дискурста түсіп, нормативтік өлшемдердің қалыптасуы әдебиетті бағалау мен іріктеудің институционалдық тетіктерін жасады.

Қоғамдық функцияның қалыптасуы. Қазақ баспасөзінде әдебиет поэтикалық-эстетикалық мазмұнда ғана көрініс таппай, ұлттық сананы қалыптастыру, ұлттық жадыны қайта ояту, әйел теңдігі, азаттық репрезентациясын бейнелеу, жастарды тәрбиелеу сынды ағартушылық, қоғамдық міндеттермен тікелей сабақтасты. Әдебиет қоғамдық ойды қалыптастырудың пәрменді құралы ретінде қарастырылып, ұлттық жаңғыру сипатына қызмет етудің бір бөлігіне айналды. Әдеби дискурс қоғамдық тәжірибенің бір бөлшегіне айналып, оның қоғамдық-саяси, әлеуметтік маңызы айшықталып, қоғамдық функцияның қалыптасуы әдебиетті мәдени институт ретінде орнықтырып, оның баспасөз кеңістігіндегі тұрақты рөлін айқындады.

Жоғарыда аталған ғылыми тұжырымдарды жүйелеу мақсатында әдеби дискурстың институционалдануын сипаттайтын критерийлер аналитикалық модель түрінде жіктеледі:

1.Кесте. Әдеби дискурстың институционалдану критерийлері

Критерий	Теориялық мәні	Институционалдық көрінісі
Тақырыптық тұрақтылық	Әдебиеттің тұрақты дискурстық салаға айналуы	Баспасөздің тақырыптық бағыттарында әдеби айдарлардың орнығуы
Авторлық қауым	Ұжымдық әдеби субъект қалыптасуы	Ұйымдар мен тұрақты авторлардың қалыптасуы
Нормативтік өлшем	Әдеби бағалау мен талап жүйесінің тууы	Әдеби сынның қалыптасуы
Қоғамдық функция	Әдебиеттің әлеуметтік миссия алуы	Әдеби туындылар арқылы ұлттық-ағартушылық қызмет

Аталған модель әдеби дискурстың қалыптасуын жекелеген мазмұндық белгілер арқылы ғана емес, оның әдеби-мәдени институт ретінде орнығуын айқындайтын негізгі параметрлер жүйесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан модель зерттеудің әдіснамалық өзегін құрап, әдеби дискурстың даму логикасын теориялық деңгейде жинақтайды. Кестеде ұсынылған төрт критерийдің теориялық мазмұны мен олардың институционалдық мәні әдеби дискурстың баспасөз кеңістігіндегі орнығу тетіктерін кешенді түрде сипаттауға бағытталған.

Аналитикалық модель ретінде ұсынылған критерийлер абстракт теориялық ұстанымдармен шектелмейді. Олар қазақ баспасөзінің нақты тәжірибесінде әртүрлі институционалдық формалар арқылы көрініс тапты. Осыған байланысты әдеби дискурстың институционалдануы қандай құрылымдық формаларда жүзеге асқанын көрсетеді. Бұл нәтижелер ХХ ғасыр басындағы қазақ баспасөзіндегі әдеби дискурстың институционалдану үдерісін терең көрсетеді. Сонымен бірге институциялану көрінісін критерийлер арқылы деректік, теориялық негізде ұштастыру жаңа сапалық зерттеу деңгейге жол ашады.

### ТАЛҚЫЛАУ

Ресей империясының құрамындағы өзге түркі халықтары секілді, қазақ қоғамы да ХХ ғасырдың басында ғасырлар бойы орныққан дәстүрлі өмір салтының іргесінің сөгілуімен, революциялық сілкіністер мен Бірінші дүниежүзілік соғыс тудырған әлеуметтік-экономикалық дағдарыспен, сондай-ақ дәстүрлі қоғамдық институттардың қайта құрылуымен сипатталатын күрделі тарихи кезеңді бастан кешірді. Осы үдерістер қазақ даласының жалпыресейлік экономикалық кеңістікке тартылуымен қабаттаса отырып, сол дәуірде «өркениеттің озық үлгілері» ретінде танылған жаңа әлеуметтік-мәдени жаңалықтардың ұлттық ортаға белсенді әрі үздіксіз енуіне жол ашты. Бұл құбылыстардың қоғамдық санада қалай қабылданғаны мен интерпретацияланғаны ХХ ғасыр басындағы қазақ баспасөзі материалдарынан, әсіресе «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің шекпенінен шыққан «Сарыарқа», «Жас азамат» газеттерінде жарияланған мақалалардан айқын аңғарылады. Аталған басылымдарда модернизация, білім, отырықшылық, тіл мен дін мәселелері отарлық ахуал аясында талданып, дәстүр мен жаңашылдықтың қайшылығы әдеби-әлеуметтік дискурс деңгейінде көрініс тапты.

ХХ ғасыр басында Санкт-Петербургте, Қазанда, Уфада, Орынборда, Троицкіде татар тілінде газеттер, журналдар шығарыла бастады, баспахана ісі дамыды. Аталған ірі мәдени орталықтарда орта және жоғары оқу орындары ашылды, мысалы, Қазанда – «Мұхамедия», Уфада – «Ғалия», Троицкіде – «Расулия», Орынборда – «Хусания». Оқу орны қабырғасынан әдеби бірлестіктер, мәдени қоғамдар және театр группалары ұйымдастырылды. Оқу орындары, газеттер, журналдар, театр үйірмелері ХХ ғасырдың басында Татар халқының мәдениетін жоғары деңгейге көтерді. Бұл мәдени өрлеу көршілес башқұрт және қазақ халықтарына да әсер етті, олардың әдебиеті мен мәдениетін дамытуға түрткі болды. Қазақ тілінде Троицкіде «Қазақ газеті» (1906), Петербургте – «Серке» (1907) газеттері жарық көрді. Кейін «Қазақстан» (1911-13), «Айқап» (1911), «Есіл даласы» (1913), «Қазақ» (1913) сияқты газеттер мен журналдар шыға бастады[7]. Бұл басылымдар халықтың өзін-өзі тану, ғылым, білім, мәдениет және қоғамдық-әлеуметтік қайта құрулар проблемаларымен қатар, әдебиет және оның жанрлық ғылым мәселелерін де көтерді.

«Айқап» журналы тақырыптық бағдарына сәйкес сыртқы хабарлар, мұсылман тіршілігінің мысалдар, уақиғалар, басқарушыға келген хаттар секілді айдарлармен бірге «фельетон», «өлең-жыр» атты айдарлар негізінде көркем әдебиет үлгілерін жариялап отыруға мүдделі болды. Журналдың тұңғыш поэзиялық шығармасы Мағжан Жұмабаевтың әйгілі «Жатыр» өлеңі. Журналда жарияланған тұңғыш поэзиялық туынды – Мағжан Жұмабаевтың бағдарламалық мәнге ие «Жатыр» өлеңі. Ақын бұл шығармасында ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамының әлеуметтік-рухани ахуалын әлемдік өркениеттік даму үдерістерімен салыстыра отырып бейнелейді. Мағжанның поэтикалық ойлау жүйесінде замандас халқының тағдырына

деген терең алаңдаушылық, тарихи кешеуілдеу сезімі мен өркениеттік жарыстан шет қалу қасіреті айқын аңғарылады. Өлеңнің алғашқы шумақтарында-ақ ақын өзге халықтардың ғылым мен білімге сүйене отырып қарқынды дамып жатқанын астарлы метафоралар арқылы көрсетеді:

Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр,  
Кілтін өнер-білім ашып жатыр.  
Бірі – ай, бірі – жұлдыз, бірі – күн боп,  
Жалтырап көктен нұрын шашып жатыр [7, 55].

Аталған жолдарда «аспан-көкке асу», «ай», «жұлдыз», «күн» секілді космостық бейнелер прогресс пен өркениеттің символдық көрінісі ретінде қызмет атқарады. Ақын үшін өнер мен білім дамудың «кілті», ал өзге жұрттың «нұр шашып» тұрғаны тарихи ілгерілеудің поэтикалық моделі. Бұл контексте Мағжан поэзиясы тек эстетикалық құбылыс қана емес, сонымен қатар отарлық жағдайдағы ұлттық сананы серпілтуге бағытталған идеологиялық-ағартушылық үндеу ретінде танылады. Өлеңдегі салыстыру тәсілі арқылы қазақ қоғамының кейін қалған күйі тікелей айтып, өзге халықтардың жетістігін контраст ретінде алға шығару арқылы ақын ұлттық трагедияны терең философиялық деңгейде ишаралап жеткізеді. Ақынның газет-журналда жарық көрген өлеңдері жайлы әдебиеттанушы ғалымдар «азаттық идеяны баса жырлаған Мағжанның «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде жарияланған шығармаларын зерделегенде ақынның азаматтық тұлғасы да ерекше дараланып тұратыны айдан анық» [8], – деп жазады.

«Айқап» журналдың басты жаңашылдығының бірі – қазақ әдебиетінде және қоғамдық дискурста әйел тақырыбы мен әйел авторлардың алғаш рет жүйелі түрде көрініс табуы. Бұған дейінгі қазақ сөз өнері мен ауызша дәстүрде әйел бейнесі негізінен ерлер тарапынан репрезентацияланған болса, «Айқап» беттерінде әйелдердің қоғамдық орны, білім алуы, неке, отбасы, теңдік мәселелері тікелей әйел көзқарасы тұрғысынан талқылана бастады. Бұл құбылыс қазақ әдеби кеңістігінде әйел субъектілігінің қалыптасуының алғашқы институционалдық алғышарты ретінде көрінеді. Журналдың жазушыларының бірі болған Сақыпжамал Тілеубайқызының «Қыз батасы», «Айналып қара, жұрт ағасы сендер де» атты өлеңдері журнал бетінде жарық көрді. Қазақ қыздарының әдеби дискурста түсіп, үздіксіз журналдарға өлең жариялауы сол кезең үшін үлкен ілгерілеушіліктің нышаны еді. Сақыпжамал Тілеубайқызының екі өлеңінде де сол кезеңдегі қазақ қоғамындағы өзекті мәселесі – жас қызды малға сату жайы ашық айтылады. Сақыпжамал ақынның «Қыз батасы» атты өлеңі қазақ қоғамындағы қызды малға беру дәстүрін сын тұрғысынан пайымдай отырып, әлеуметтік өзгеріске деген үмітті де қоса ұсынады. Өлең мазмұнында жеке тұрмыстық мәселе емес, қоғамдық сипаттағы әділетсіздік көрініс табады. Мәтіндегі:

Кедейлерім сен де келші ынсапқа,  
Алма қызды қуарттырмай тың сақта.  
Жарлы болсаң, міндеткерме қыздарың,

Ұстап бердің қанша зарлап тұрсақ та [7, 67], – деген жолдар әлеуметтік теңсіздік пен гендерлік қысымды байланыстыра отырып көрсетеді. Мұнда қыз тағдыры тек отбасылық мәселе ретінде емес, кедейлік пен әлеуметтік жауапкершілік аясындағы қоғамдық проблема ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, өлең жеке авторлық үн шеңберінен шығып, баспасөз арқылы көпшілікке бағытталған әлеуметтік дискурста айналады. Сақыпжамалдың келесі өлеңдерінде де әйелдің қоғамдық орны, білімге қол жеткізу мәселесі жалпықазақ мәселесі ретінде қойылады. Ақынның:

Күн көрініп, бізге тұман ашылсын,  
Білімсіздер білімдіге бас ұрсын.  
Қалай жүрек жалмауыздар аузы ашық,

Таунық беріп, ағарып көңілің басылсын [7, 83], – деген жолдары әйел теңдігін ағартушылық идеямен байланыстыра отырып, білімді әлеуметтік трансформацияның негізгі тетігі ретінде ұсынады. Бұл қазақ баспасөзіндегі әдеби мәтіндердің нормативтік өлшемге ие бола бастағанын, яғни әдебиетке әлеуметтік функция жүктелгенін көрсететін маңызды белгі.

Аталған дискурсты Өтегенқызы Күләйімнің «Қазақ қыздарына» атты өлеңі одан әрі жалғастырады. Өлеңнің 1912 жылы «Айқап» журналының №8 санында жариялануы әйел тақырыбының жеке авторлық деңгейден журналдық саясат аясындағы тұрақты тақырыпқа айналғанын аңғартады. Күләйім өлеңінің алғашқы шумағында-ақ баспасөздің әйел үнін жеткізуші институционалдық алаң ретінде қызмет атқарғаны айқын сезіледі:

Оқып ем газет алып қыстың күні,  
Көрінді нөмірлерден қыздың үні.  
Риза бұл «Айқапқа» болып тұрмын  
Әр жерден естілген соң әйел үні [7,186].

Бұл жолдар «Айқап» журналының әдеби дискурсты жинақтаушы әрі таратушы институт ретіндегі рөлін нақтылай түседі. Әйел автордың өз үнін баспасөз арқылы тануы – әдеби дискурстың институционалдануындағы маңызды кезең. Яғни жеке шығармашылық тәжірибе редакциялық, жарияланымдық жүйе арқылы қоғамдық деңгейге көтеріледі. Өлеңнің келесі бөлімдерінде қазақ қыздарының әлеуметтік жағдайы, көрген қысымы сипатталып, мәселенің құрылымдық сипаты ашылады. Ал өлең соңында ұсынылатын үндеу:

Гибрат ал менен соңғы сіңілерім,  
Бұл бәле басқа келсе, бөлме шабан.  
Өткізбе жылап-сықтап ғұмырларды,

Көнбейік өлсектағы енді бұған [7,186],—деген жолдар әдебиеттің қоғамдық функциясының айқын көрінісі болып табылады. Мұнда поэзия эстетикалық мақсаттан гөрі әлеуметтік ықпал ету құралы ретінде қызмет атқарады. Назарбаев университетінің ғалымдары «The fearful khan and the delightful beauties»: The construction of gender in secondary school textbooks in Kazakhstan» атты мақаласында «отарлық кезеңге дейін қазақ әйелдері «қолайлы теңдікке» ие болып, еңбек бөлінісі мен қоғамдық қатысу саласында тең құқыққа ие еді, бұл олардың көшпелі және қозғалмалы өмірінің қиындықтарымен тиімді күресу қажеттілігінен туындайтын» [9]. Қарастырылып отырған өлеңдердің Қазан төңкерісіне дейін, социалистік реализм эстетикасы қалыптаспаған кезеңде жазылуы ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы әйел теңдігі мәселесінің кездейсоқ емес, нақты әлеуметтік қайшылықтармен сабақтас екенін көрсетеді. Патриархалды-феодалдық құрылым мен отарлық жағдай қабаттасқан ортада әйелдің құқықтық және әлеуметтік мәртебесі күрделі мәселе ретінде көрініс тапты. Осы ахуал қазақ баспасөзі кеңістігінде әдебиет арқылы жүйелі түрде бейнеленіп, қоғамдық талқы нысанына айнала бастады. Журнал бетіндегі Сақыпжамал Тілеубайқызы, Күләйім Өтегенқызы, Нәзипа Құлжанова, Мәриям Сейдалиева шығармаларындағы әйел теңдігі мәселесі жеке авторлардың субъективті күйзелісі емес, қазақ баспасөзі арқылы қалыптасқан ұжымдық әдеби дискурстың құрамдас бөлігі. Әйел тақырыбы «Айқап» журналы бетінде жүйелі түрде көтеріліп, әдебиет қоғамдық пікір қалыптастыратын институт ретінде әрекет етті.

ХХ ғасыр басындағы қазақ баспасөзінде әдеби дискурстың институционалдануы тек жеке шығармашылықпен шектелмеді. Бұл процесс авторлық қауымның қалыптасуы арқылы да көрінді. Мысалы, «Айқап» журналының «Фельетон», «Өлең-жыр» бөлімі әдебиеттегі кеңістікті ұйымдастырып, түрлі авторлардың жүйелі түрде жариялануына мүмкіндік берді. Осы бөлімде Мағжан Жұмабаевтың «Шын сорлы», «Күз күн», «Жазғытұры», «Бұлбұл», өлең топтамалары жарияланды. Сонымен қатар, журнал авторлары Жармұхамед Макинов, К.Бәтіншұлы, Жұмағали Тілеулин «Жас туғандарымызға», Хамза Бекмұхаммедов «Қазақ халқына», Шалман (лақап аты) «Тұрған үй», Бекмұхаммед Хасенов, Бекмұхаммед Бисенбиев, Байбатыр Ержанов, Бірмұхамед Айбасов Акрам Ғалымов «Қыс», «Бақытсыз сұлу», «Жазғыры» Хасен Мұхамеджанов және басқа да ақындардың шығармалары журнал бетінде тұрақты түрде көрініс тапты. Сондай-ақ, Сыдық Бисалиевтің «Жұмақ әңгіме» атты диалог-әңгімесі жаңа бағытты көрсетті, бұл қазақ әдебиетінде бұрын байқалмаған әдеби тәжірибе болды.

ХХ ғасырдың басында қазақ қоғамында әдеби дискурс қоғамдық пікір қалыптастырудың маңызды құралына айналды. Мысалы, Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ» өлеңі халыққа бағытталған ұран ретінде жарияланып, жалпыұлттық қозғалыстың рухани бастауы болды.

Осы сарындас идеяларды «Айқап» журналы да кеңінен жариялады. Хамза Бекмұқаметовтің «Қазақ халқына» атты өлеңіндегі үндеу:

Қазағым, көтер басың жатпа бекер,  
Ғұмырыңыз, жатуменен босқа өтер.  
Көтерер, басыңызды уақыт жетті,  
Ілгеріде ұмтылысып талап өтер [7, 57–58 б].

Қоғамдық назарға арналған әдеби дискурстың ұйымдастырылған көрінісі ретінде қарастырылады. Бұл өлеңдер жеке авторлық пікірден шығып, журнал бетінде жүйелі түрде жарияланып, тұрақты тақырыпқа айналғаны авторлық қауымның қалыптасуымен тығыз байланысты. Сонымен қатар, Шалманның «Тұрған күй» өлеңі («Айқап», 1911, №4 сан) қазақ қоғамының әлеуметтік жағдайын сипаттай отырып, әдебиет арқылы әлеуметтік сын жасау тәжірибесінің көрінісі болды:

Күн қайда, мұндай халдан шауып өтер,  
Жарықтың шарапаты жұртқа жетер  
Оқыған жас, жігіттер көз салмасаң,  
Бұ қазақ су түбіне түсіп кетер [7, 62].

Бұл туынды қазақ халқының тұрмыс-салтын объективті түрде сипаттап, әдеби мәтіннің қоғамдық функциясын көрсетті. Журнал арқылы әдебиет жеке авторлық пікірден қоғамдық институттық деңгейге көтерілді.

«Айқап» журналы қазақ ақындарының шығармалары ғана емес, шетелдік әдеби туындыларды қазақ тіліне аударып, жүйелі түрде жариялап отырды. Солардың алғашқы мысалы «Омбылық» лақап атымен шыққан «Шегіртке мен құмырсқа» аудармасы болды. Бұл шығарма Абай аудармасынан сәл ерекшеленіп, автордың өзіндік шығармашылық тапқырлығын көрсетеді:

Айтты да шегірткеге мұны күліп,  
Құмырсқа теріс қарап кетті жүріп,  
Әркімге мұны оқыған берген ақыл,  
Жүрмендер келер күнге мұндай болып [7,97].

Бұл мысал қазақ оқырманына орыс әдебиетінің сюжеттері мен философиялық идеяларын жеткізудің алғашқы тәжірибесі болып, аударма арқылы әдеби дискурстың институционалдануына үлес қосты. Сонымен қатар, журнал бетінде орыс, қырғыз, ұйғыр, татар әдебиетінің шығармалары жүйелі түрде жарияланып отырды. Мысалы, орыс әдебиетінен Чехов, Пушкин, Лермонтов, Толстойдың шығармалары қазақ оқырманымен таныстырылды. 1912 жылы «Айқап» журналының №24 санында И. Крыловтың «Өтірікші» және «Жаңа шыққан кітаптар» шығармалары «Қым» және С. Көбеев сияқты лақап аттармен аударылып, қазақ тілінде ұсынылды. Лермонтовтың «Айтыс» және «Үш құрма терек» өлеңдері 1913–1914 жылдары №4–5, №17 сандарында жарияланып, Жақыпұғылы Серекғали аудармасымен оқырманға жеткізілді. Сонымен қатар И.С. Никитин, И. Лиханов, Горчаковский, Фауетский, Сорокин Антон сияқты орыс әдебиетінің өкілдерінің шығармалары да қазақ тіліне аударылып, журналда жарияланды. Бұл әдеби процестер «Айқап» журналының әдеби дискурсты институционалдандырудағы рөлін көрсетеді. Аудармалар арқылы журнал тек ұлттық әдебиетті дамытумен шектелмей, шетелдік әдеби идеяларды қазақ қоғамына жүйелі түрде енгізетін дискурстық алаңға айналды. Осы кезеңде журналдың саяси және әдеби бағыттағы қызметі бір-бірімен тығыз байланыс жасап, қазақ оқырманын кеңірек мәдени-әлеуметтік контекстпен таныстыруға мүмкіндік берді [10].

Осы институционалдық үрдіс 1913 жылдан бастап «Қазақ» газеті беттерінде жүйелі түрде жалғасын тапты. Басылым эстетикалық деңгейі жоғары көркем шығармаларға басымдық беріп, әдеби мәтінді іріктеу мен бағалаудың тұрақты өлшемдерін қалыптастырды. Нәтижесінде әдебиет дербес мәдени-эстетикалық категория ретінде орнығып, көркем мәтін мен публицистика арасындағы шекара айқындала түсті. Бұл тәжірибе әдеби дискурстың нормативтік және институционалдық сипат алуына негіз қалады. Қазақ» газеті әдебиет мәселелерін талдағанда әдеби-эстетикалық принципті, пайымды ұлт тарихы мен мүддесіне

байланысты пайдаланды. Әдебиеттің жалпы мәселелері мен жанрлық сипаттарына арналған мақалалар мен зерттеулер «Қазақ» газеті беттерінде кезең-кезеңімен көріне бастаған тұста, қазақ баспасөзі ұлттық мәдени кеңістікте айрықша рөл атқарды. Осы үрдістің ең ірі әрі мазмұндық тұрғыдан мәнді көрінісі – Ахмет Байтұрсынұлының газеттің №39, №40, №43 сандарында жарық көрген «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласы. Бұл еңбек Абай шығармашылығына арналуымен ғана емес, әдеби бағалаудың ғылыми өлшемдерін ұсынуымен, көркемдік сапаны эстетикалық және танымдық критерийлер арқылы саралауымен ерекшеленеді. Мақалада авторлық интуициядан гөрі талдау, дәлел, салыстыру, жалпылау секілді сынға тән әдістер басым қолданылады.

«Қазақ» газеті – өлең-жырларды жариялап, оларға пікір білдіруші ғана емес, әдебиеттің теориялық мәселелерін де қарастырып, өз тұсындағы шығармаларға сыни пікірлер айтып отырған басылымның бірі. Мұндай мақалалардың қатарына «Арысұлының» «Роман не нәрсе?», Міржақыптың «Манап» драмасы, «Надандықтың құрбаны», Әлиханнның «Шәкәрім шежіресіне сыны», «Қалқаман-Мамыр» т.б. атауға болады[11]. Осы кезеңдегі әдеби сын үлгілерінің ішінде ерекше назар аударатыны А. Лихановтың «Манап» драмасына арналған талдау. Бұл сын «Қазақ» газетінің 1914 жылғы №82 санында жарияланып, қазақ баспасөзіндегі кәсіби әдеби сынның ерте үлгілерінің бірі ретінде бағалауға негіз болады. «Айқап» журналы А. Лихановтың «Манап» драмасын Мұхамедғали Есенгелдиннің аудармасымен жариялай отырып, оны бөлек кітапша етіп шығару мүмкіндігі жөнінде оқырман пікірін сұраған. Осы үндеуге алғаш ғылыми-сыни тұрғыдан жауап қатқан тұлға – Міржақып Дулатұлы. Автор аударманың толық жарияланып үлгермеуіне қарамастан, шығарма мазмұнымен таныс екенін атап өтіп, драманың жарыққа шығу мақсаты мен эстетикалық негізділігін күмән астына алады. Міржақып Дулатұлы сынында назар аударылатын басты өлшемдер – көркемдік шындық, тілдік сапа және мәдени-этнографиялық дәлдік. Сыншы драманың көркемдік деңгейін ғана емес, оның мазмұнында көрініс тапқан тұрмыстық және ұлттық болмысты үстірт бейнелеуді, белгілі бір халықтың салт-дәстүрін жете білмей тұрып сахналық туынды жасауға ұмтылуды түбегейлі сынға алады. Бұл тұста мәселе жекелеген шығарманың кемшілігінде емес, әдебиетке қойылатын кәсіби талаптың сақталмауында деп бағаланады. Сын мақаласында Міржақып Дулатов жазушыға қойылатын екі негізгі талапты айқындайды: біріншісі – суреттеліп отырған әлеуметтік-мәдени ортадан терең хабардар болу, екіншісі – соған сай көркемдік қабілеттің болуы. Осы талаптардың біреуінің болмауы көркем туындының құндылығын жоққа шығарады деген тұжырым жасалады.

1913 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған поэзиялық мәтіндер әдеби дискурстың жүйелі әрі тұрақты сипат алғанын айқын көрсетеді. Газет бетінде Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім, Ғұмар Қараш сияқты жетекші авторлармен қатар Жүсіп Басығарин, Ғабдолла Шоқаев, Рахметжан Малабаев, Жаманғали Өмірқұлов сынды қаламгерлердің шығармалары бір жыл көлемінде үздіксіз жарияланып отырды. Сонымен қатар Лермонтовтан жасалған аудармалардың берілуі әдеби репертуардың кеңейгенін және көркемдік өлшемнің жоғарылағанын аңғартады. Бұл жарияланымдар жиынтығы «Қазақ» газетінің поэзияны кездейсоқ мәтіндер жиынтығы ретінде емес, тұрақты авторлық құрамға, тақырыптық әртараптануға және эстетикалық іріктеуге негізделген институционалдық әдеби алаң ретінде қызмет атқарғанын көрсетеді. 1914-1915 жылдары «Қазақ» газетінде поэзиялық мәтіндердің жүйелі жариялануы одан әрі жалғасып, әдеби дискурстың институционалдық орнығу үдерісін күшейтті. Бұл кезеңде Исмағұл (Исмаил) Көктөбетұғлы, Міржақып Дулатұлы, Сәбит Дөнентаев, Бейімбет Майлин, Мағжан Жұмабаев сияқты авторлардың шығармалары бірізді түрде жарық көріп, тұрақты авторлық құрамның қалыптасқанын айғақтайды. Сонымен қатар бүркеншік есімдермен (Шалман, Кішкентай, Мыжмыж, Уақ, Жас қазақ, Қаптағай т.б.) жарияланған мәтіндер газет маңына топтасқан кең әдеби ортаның бар екенін көрсетеді. 1914 жылғы жарияланымдарда («Зар», «Мұң», «Елім-ай», «Интеллигент», «Һәр жан һәр түрде», «Штат») қоғамдық күйзеліс, әлеуметтік жауапкершілік, интеллигенцияның рөлі сияқты тақырыптар алдыңғы қатарға шығып, поэзияның қоғамдық ойды білдіру құралы ретіндегі функциясы айқындала түсті. Ал 1915 жылғы өлеңдерде («Ұлтшылдарға», «Мұқтаждық»,

«Мұсылмандық белгісі», «Жаңа жыл құтты болсын!», «Көңіл») ұлттық сана, моральдық бағдар, рухани дағдарыс мәселелері жүйелі түрде қозғалып, әдебиеттің әлеуметтік-нормативтік қызметі күшейді. Осы жылдардағы материалдар жиынтығы «Қазақ» газетінің поэзияны эпизодтық көркем мәтін ретінде емес, қоғамдық пікірді қалыптастыратын, тұрақты авторлық қауымға сүйенген және тақырыптық жағынан реттелген институционалдық әдеби алаң ретінде орныққанын дәлелдейді.

«Қазақ» газеті тыңнан өрістеген әдебиет кештерін өткізу сынды жақсы дәстүрлеріне бірыңғай насихат жұмысын жасады. Әдебиет құлашын кеңге жайып, халықтық сипатқа айналуына өз үлесін тигізген. 1914 жылдың №51 санында «Семейдегі әдебиет кеші», 1915 жылдың №114 санында «Қазақ әдебиеті кеші», 1916 жылдың №166 санында «Торғайдағы әдебиет кеші» атты мақалалар осындай мақсаттармен құнды. Кешті ұйымдастырған азаматтардың аты ардақталып, бағаланған. Семейде Нәзипа мен Нұрғали Құлжановтар, Торғайда Ғұмар Алмасов пен Қосмұхамед Жабағин есімді тұлғалар айрықша көзге түскен. 1917 жылғы 253 және 254 нөмірлерінде Ақмешітте, Ақтөбеде, сондай-ақ Торғайда, Томскіде өткен әдебиет кештері жайлы хабарлар мен оның бағдарламалары қоса басылған. Кейбіреуі қысқа хабар жанрында жазылса, енді біреулері көлемді мақала, репортаж іспеттес. Мысалы, Семейде өткен қазақ әдебиеті жайлы кештен жазылған материалдар жиынның қалай өткені егжей-тегжейлі баяндалған. Онда Райымжан қазақ әдебиеті жайлы көлемді баяндама жасаған. Онан соң Нұрғали Құлжанов шығып, Біржан-Сара туралы әңгімелеп береді. Сараның рөлін Тұрар Қозыбағова, Біржанды Жүсіпбек Аймауытов ойнайды. «Бұлардың шыққан түрі, отырып өлең айтқаны әлгі жиылған жұртқа Біржан сал мен Сараның өздері отырып айтысқандай-ақ көрінді». Содан соң Абайдың, Ыбырайдың өлеңдері оқылып, Жүсіпбек, Әли, Қайқабай бала, Әлмұхамет сияқты әншілер ән салады. Үшінші бөлімде Бала мен Жанақтың айтысы, төртіншіде қазақтың бұрынғы киімдері көрсетіледі [12, 36]. Әдеби кештердің біріне арналған мақалада Міржақып Райымжан Мәрсекұлының қазақ әдебиетінің тағдыры мен даму сипаты жөнінде кең көлемде сөз қозғағаны атап көрсетіледі. Аталған баяндама «Қазақ» газетінің 1915 жылғы №15 және №19 сандарында «Қазақ әдебиеті жайынан» деген атаумен жарияланып, ұлттық әдеби ойдың қалыптасуындағы маңызды мәтіндердің біріне айналды.

Мақалада автор қазақ әдебиетінің тарихи дамуын тұтастай қамтып, оның өткен кезеңдері мен қазіргі халін салыстыра қарастырады. Әдеби үдерісті жеке шығармалар немесе тұлғалар деңгейінде емес, тарихи-мәдени континуум ретінде пайымдауы еңбектің ғылыми сипатын күшейтеді. Райымжан Мәрсекұлы қазақ әдебиетінің эволюциясын дәуірлік принцип негізінде жүйелеуге ұмтылып, «Бірінші дәуір ескі замандағы қазақ арасына жазу жарамай тұрғандағы кез. Екінші дәуір белгісі – «жазудың халық арасына көбірек таралған заманы. Абай марқұмнан бері қарай қазақ әдебиетінің үшінші дәуірі басталады» [13,139], – деп, оны үш кезеңге жіктеу арқылы алғаш рет кезеңдеу тәжірибесін ұсынады. Яғни автор Абайды қазақ әдебиетінің жаңа дәуірінің басы ретінде қарастыруы – әдебиетке деген жаңа көзқарастың бел ала бастауын танытса керек. Р.Мәрсекұлы әдебиет тарихын саралай отырып, жаңа әдебиеттің басталған тұсын анықтайды. Сонымен бірге ол – жаңаны дамытушы өз тұсындағы әдебиетке «өткеннен сабақ ал» деп айтуды парыз санаған тілеуқор әдебиетші [14; 97]. Осы тұрғыдан алғанда, «Қазақ әдебиеті жайынан» мақаласының басты ғылыми құндылығы қазақ әдебиетін тарихи-типологиялық тұрғыдан дәуірлеуге бағытталған алғашқы концептуалдық қадамдардың бірі болуында. Бұл еңбек ұлттық әдебиеттанудағы әдеби тарихты жүйелеу, кезеңдерге бөлу және әдеби дамуды тұтас процесс ретінде түсіндіру дәстүрінің бастауында тұрған бағдарламалық мәтін ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қазақ баспасөзінде әдебиеттің даму бағытын, тілдік және эстетикалық бағдарын жүйелі түрде талдауға ұмтылған проблемалық мақалалардың бірі – «Әдебиетімізге көз салу» атты «Н» есімді бүркеншік есіммен жарияланған сыни мақала. Бұл мақала 1916 жылы «Қазақ» газетінің №64 санында жарияланып, сырттай әдеби шолу сипатында көрінгенімен, мазмұны жағынан теориялық-пікірталастық деңгейі жоғары проблемалық еңбек ретінде айқындалады. Мақалада автор қазақ әдебиетінің болашақ дамуына қатысты екі өзекті мәселені алға тартады: біріншісі – қазақ тілінің әдеби норма ретінде қалыптасу жолы, екіншісі – ұлттық әдебиеттің

қандай мәдени-эстетикалық арнаға бағдарлануы керектігі. Автордың «әдебиетіміз үшін жаңа тіл, жаңа қазақша әдеби тіл тұрғызу ләзім» деген тұжырымы қазақ әдеби тілін табиғи эволюция арқылы жаңғырту қажеттігін негіздеуге бағытталған. Бұл тұста қазақ тілінің өзге түркі тілдеріне қарағанда ішкі құрылымдық икемділігі, семантикалық тазалығы мен стильдік мүмкіндіктері ерекше аталып, оны еуропалық тілдермен, соның ішінде француз тілімен салыстыруы – сол кезеңдегі лингвистикалық-эстетикалық ойдың биік деңгейін көрсетеді. Сонымен қатар мақалада әдеби дамудың еліктеу кезеңін тарихи заңдылық ретінде мойындай отырып, «кімге еру керек?» деген мәселе ашық қойылады. Автор бұл сұрақты жеке талғам емес, заман логикасы мен мәдени прогресс өлшемдері тұрғысынан шешуге тырысып, қазақ әдебиеті үшін орыс-еуропалық әдеби дәстүрге бет бұруды тиімді деп есептейді. Бұл пайым Абай, Тоқай, Гаспринский сынды тұлғалардың тәжірибесімен дәйектеліп, олардың ұлттық әдебиетке жаңашыл серпін әкелуін орыс әдебиетімен шығармашылық байланыста болғанымен байланыстырады. Осы тұрғыдан алғанда, «Әдебиетімізге көз салу» мақаласы қазақ баспасөзінде әдебиетті теориялық тұрғыдан пайымдау, тіл мен әдебиеттің даму стратегиясын анықтау, сондай-ақ оқырман қауымды ғылыми пікірталасқа тарту сияқты институционалдық функцияларды атқарған маңызды мәтіндердің бірі болып табылады. Бұл еңбек «Қазақ» газетінің ұлттық әдеби дискурсты қалыптастырудағы әдіснамалық алаң ретіндегі рөлін айқындай түседі.

1918 жылдан бастап жарық көрген «Сарыарқа» мен «Жас азамат» басылымдарын мазмұндық-идеялық тұрғыдан «Қазақ» газетінің заңды жалғасы ретінде қарастыруға толық негіз бар. Бұл жалғастық ең алдымен тақырыптық бағдардың, авторлық құрамның және әдебиетке қойылатын талаптардың сақталуынан көрінеді. «Қазақ» газетінде қалыптасқан әдебиетті қоғамдық сананы қалыптастыратын құрал ретінде тану, көркем мәтінге эстетикалық және идеялық талап қою, әдебиетті ұлттық мүддемен сабақтастыру үрдісі «Сарыарқа» мен «Жас азамат» беттерінде жаңа тарихи жағдайда жүйелі түрде жалғасын тапты. Аталған басылымдарда поэзия, әдеби сын, көркем аударма және әдеби публицистика тұрақты түрде жарияланып, әдеби дискурстың тақырыптық сабақтастығын қамтамасыз етті. «Жас азамат» газеті жанынан құрылған «Бірлік» ұйымы әдеби мәселелерді жүйелі талқылаған құрылым ретінде әрекет етіп, әдеби дискурстың ұйымдық деңгейге көтерілуін қамтамасыз етті. Мұндай ұйымдық форма «Қазақ» газетінде басталған әдеби пікірдің институционалдық сипат алуын жаңа сапалық деңгейге шығарды. Смағұл Сәдуақасұлы «Жастарға жаңа жол» атты еңбегінде «Бірлік» ұйымының программасының жалпы мақсаты жайлы «халық әдебиетін жинау, ол әдебиетті кітапша һәм үлкен кітаптар етіп бастыру. Театр кітаптарын шығару, газет-журналдар шығару»[15, 37], – деп көрсетеді. Бұл мақсаттар қазақ әдебиетін тек шығармашылық сала ретінде емес, қоғамдық институтқа айналдыру жолындағы алғашқы қадамдар ретінде қарастырылуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, «Айқап» журналы мен кейінгі «Қазақ», «Сарыарқа», «Жас азамат» басылымдарының әдеби дискурсты институционалдандырудағы рөлі айқын көрінеді. Әдебиет тұрақты тақырыптық бағытқа ие болып, авторлық қауым қалыптасып, нормативтік өлшемдер орнап, қоғамдық функциясы бекіді. Бұл үрдістерді төмендегі кестеде жүйелі түрде көрсетуге болады.

2 Кесте. «Айқап», «Қазақ», «Сарыарқа», «Жас азамат» басылымдарындағы әдеби дискурстың институционалдық сабақтастығы.

Институционалдық өлшем	«Айқап» журналы (1911-1915)	«Қазақ» газеті (1913-1918)	«Сарыарқа» (1917-1918)	«Жас азамат» (1918-1919)
Дискурстық бағдар	Әдебиет мәселелеріне арналған тұрақты тақырыптық алаң.	Ұлт, ояну, тіл, әдебиет тарихы	Еркіндік, ұлттық бірлік, тарихи тағдыр	Жастарға бағытталған саяси-әдеби дискурс

Институционалдық өлшем	«Айқап» журналы (1911-1915)	«Қазақ» газеті (1913-1918)	«Сарыарқа» (1917-1918)	«Жас азамат» (1918-1919)
Тақырыптық жүйе	Көркем поэзия және әйел теңдігі	Ұлт, ояну, тіл, ағартушылық, әдебиет тарихы	Еркіндік, ұлттық бірлік, тарихи тағдыр	Жастар тәрбиесі, жаңа қоғам, әдеби миссия
Авторлық қауым	М.Сералин, М.Жұмабаев, Хамза Бекмұхамедов, С.Дөнентаев, Б.Майлин	А.Байтұрсын М.Дулатұлы, Ә.Бөкейхан, М.Жұмабаев	С.Дөнентаев, И.Әлімбаев, А.Мамытұлы.	С.Сәдуақасұлы, Қ.Кемелгер, М.Жұмабаев
Нормативтік өлшем	Әдеби сын, жанрлық саралау.	Көркемдік талап, идеялық айқындық	Әдебиетке идеялық бағыт беру	Әдебиетке қоғамдық жауапкершілік жүктеу
Ұйымдық форма	Ресми емес әдеби орта; авторлық қауым	Газет төңірегіндегі әдеби орта	Интеллектуалдық алаң	«Бірлік» ұйымы арқылы ресми ұйымдасу
Қоғамдық функция	Ұлттық сана, әйел теңдігі, ағартушылық	Ұлттық азаттықты қайта негіздеу	Ұлттық мемлекеттілік идеясы	Жаңа ұрпақты идеологиялық тәрбиелеу

Жоғарыда келтірілген 2-кесте негізінде қазақ баспасөзіндегі әдеби дискурстың институционалдану үрдісі айқын көрінеді. Біріншіден, тақырыптық тұрақтылық арқылы әдебиет тұрақты дискурстық салаға айналып, әр басылым өзінің айқын эстетикалық және әлеуметтік бағдарын қалыптастырды. «Айқап» журналы ұлттық сана мен ағартушылыққа қызмет ететін поэзия мен прозаға тұрақты орын берсе, кейінгі «Қазақ», «Сарыарқа» және «Жас азамат» газеттері осы дискурсты дәуірлік саяси және әлеуметтік контексте жалғастырды. Авторлық қауымның қалыптасуы әдеби дискурстың ұжымдық сипат алуына мүмкіндік жасады. Белгілі авторлық қауымдастық (М.Дулатұлы, М.Жұмабаев, Х.Бекмұхамедов, С.Дөнентаев, Б.Майлин) журнал бетінде тұрақты түрде шығармаларын жариялап, жаңа авторлық буынның қосылуымен біртіндеп кеңейіп отырды. Бұл институционалды форма әдеби дискурстың сабақтастығын және ұйымдасқан сипатын қамтамасыз етті. Нормативтік өлшемдердің енгізілуі көркемдік талаптарды жүйелендіріп, әдеби сын мен жанрлық саралаудың тұрақты практикаға айналуына жағдай жасады. Бұл үрдіс әрбір басылымның редакциялық саясатына кіріктіріліп, әдебиетті бағалау мен бағыттау механизмін қалыптастырды. қоғамдық функцияның бекітілуі әдебиетті тек эстетикалық құбылыс қана емес, әлеуметтік миссиясы бар институт ретінде орнықты. Әр басылым өз дәуіріне сәйкес ұлттық сана қалыптастыруға, жастарды тәрбиелеуге, әйел теңдігі мен қоғамдық мәселелерді көтеруге бағытталған. Осылайша қазақ баспасөзіндегі әдеби дискурс қоғам өмірінің барлық саласымен байланысты, институционалды механизмдер арқылы тұрақтанған сала ретінде көрінді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

XX ғасыр басындағы қазақ баспасөзі, әсіресе «Айқап», «Қазақ», «Сарыарқа», «Жас азамат» сияқты басылымдар осы институционалдану үдерісінің негізгі алаңына айналды. Бұл басылымдарда әдеби мәтіндер белгілі бір редакциялық ұстанымға сәйкес жүйелі жарияланып, авторлар қауымы қалыптасты, көркемдік және идеялық талаптар талқыланды, әдебиет ағартушылық пен ұлттық сананы қалыптастырудың маңызды құралы ретінде танылды. Осы белгілердің жиынтығы қазақ әдеби дискурсының институционалдық сипат алғанын көрсетеді. Аталған газет-журналдардан XX ғасыр басындағы қазақ қаламгерлерінің өсу жолын, тақырыптық бағдарын, шығармашылық қуатын айшықтай аламыз. Сондай-ақ, газет-журналдарға арқау болған әдеби сыни мақалалар Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы,

М.Дулатұлы, М.Сералин, М.Жұмабаев, С.Торайғыров, Б.Майлин, Ғ.Қарашев, Ж.Басығарин, С.Дөнентаев, А.Мұқаш, Ғ.Шоқаев, Р.Малабаев, А.Мәметов, Ж.Жиенбеков сынды үлкен әдеби шоғырды қалыптастырды. Сонымен қатар, зерттеу қазақ әдебиетінің қоғамдық сана мен ұлттық жаңғыру идеясын қалыптастырудағы рөлін нақтылады. Әдеби дискурс пен баспасөздің институционалдық байланысы арқылы әдебиеттанудағы теориялық базаның кеңеюі, әдебиеттегі дискурстық талдаудың жаңа перспективалары қарастырылды. Зерттеу нәтижелері әдебиеттану мен журналистика саласында мәдени, нормативтік және эстетикалық талдауларды жүргізуге практикалық негіз ұсынады. Аталған мақала әдеби дискурс пен баспасөздің институционалды құрылымдарын кешенді талдау арқылы теориялық және методологиялық базаға үлес қоса алады. Практикалық маңызы әдеби зерттеулер, қазіргі қазақ журналистикасын талдау және бағалау үшін қолданылуы мүмкін. Зерттеу әдеби процестің тарихи дамуын, нормативтік және эстетикалық функцияларын нақты көрсету арқылы қазақ әдебиеті мен мәдениет тарихын кешенді түсінуге мүмкіндік береді.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Кенжеқанова Қ.К. Саяси дискурстың прагматингвистикалық және когнитивтік компоненттері (қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар материалдары бойынша): философия (PhD) док. дисс. – Алматы, 2015. – 187 б.
- 2 Олешков М.Ю. Основы функциональной лингвистики: дискурсивный аспект. – Нижний Тагил : Нижнетагильская государственная социально-педагогическая академия, 2006. – 146 с.
- 3 Van Dijk T. A. Discourse, knowledge, power and politics: Towards critical epistemic discourse analysis //Critical discourse studies in context and cognition. – John Benjamins Publishing Company, 2011. – С. 27-64.
- 4 Маслова В.А. Когнитивный и коммуникативный аспекты художественного текста. – Витебск : ВГУ имени П.М. Машерова, 2014. – 104 с.
- 5 Қожахмет А.Қ., Хусаинова Л.М. Лингвистикалық зерттеулердегі мәтін және дискурс теориясы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №2 (128). – Б. 178–189. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.14>
- 6 Kendirbay, G. (1997). The national liberation movement of the Kazakh intelligentsia at the beginning of the 20th century. *Central Asian Survey*, 16(4), 487–515. <https://doi.org/10.1080/02634939708401009>
- 7 Энциклопедия «Айқап» / Құраст.: Ү. Субханбердина, С. Дәуітов. – Алматы : «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. – 370 б
- 8 Абдикалық К. С., Кожекеева Б. Ш., Алиева Ж. А. «Айқап» пен «Қазақта» жарияланған Мағжан өлеңдеріндегі азаттық идея //Keruen. – 2022. – Т. 77. – №. 4. – С. 98-108. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.4-08>
- 9 Naureen Durrani, Anna CohenMiller, Zumrad Kataeva, Zhazira Bekzhanova, Assem Seitkhadyrova, Aisulu Badanova, ‘The fearful khan and the delightful beauties’: The construction of gender in secondary school textbooks in Kazakhstan, *International Journal of Educational Development*, Volume 88, 2022, <https://doi.org/10.1016/j.ijedudev.2021.102508>.
- 10 Kuanyshbayeva Z., Zhiyenbayev Y. Literary elements in kazakh literary language in early 20th century within the context of ауқар journal and мағжан jumabayev’s poetry //Bilig. – 2017. – Т. 80. – С. 279-315.
- 11 Osken, A. Alikhan Bokeikhan’s literary preservation of Kazakh identity against colonial ideology / A. Osken, D. Qamzabekuly, B. Nuriman // *Kritika Kultura*. – 2024. – No. 45, Article 2. – DOI: <https://doi.org/10.13185/1656-152x.103021>
- 12 Ысқақұлы Д. Әдеби сын тарихы. Оқу құралы. – Алматы : «Таңбалы» баспасы, 2012. – 580 б.
- 13 Мәрсеков Р. Қазақ қайда бара жатыр? – Алматы: – «Елтаным баспасы», 2013. – 304 б.
- 14 Қамзабекұлы Д. «Алаш арқауы» (зерттеу мақалалар). – Алматы : «Қазақ энциклопедиясы» баспасы, 2017. – 408 б

15 Садуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы : «Алаш», 2003. – 360 б.

Материал 16.01.2026 баспаға түсті

## **Процесс институционализации литературного дискурса в казахской прессе начала XX века**

\*Ж. Жылкыбайұлы<sup>1</sup>, Р.С. Турысбек<sup>1</sup>, А.Ж. Серикова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Астана, 010008, Казахстан

<sup>2</sup>ЧУ «Политехнический колледж корпорации «Казахмыс», Караганда, 100026, Казахстан

*Статья направлена на комплексное исследование процесса институционализации литературного дискурса в казахской прессе начала XX века. Основная цель исследования – определить роль казахской прессы в формировании литературного дискурса и продемонстрировать её общественные, нормативные и эстетические функции. Научное направление опирается на четыре основных критерия: тематическая стабильность, авторское сообщество, нормативные стандарты и общественная функция. В статье анализируются материалы журналов «Айқап» и газет «Казах», «Сарыарка», «Жас азамат», вклад образа женщины в литературный дискурс, институциональная роль переводной литературы и литературной критики. Методологическая основа исследования включает три метода: контент-анализ, дискурс-анализ и историко-компаративный метод. Контент-анализ позволяет системно изучать жанровое, тематическое и социальное содержание текстов; дискурс-анализ способствует выявлению связи между литературой и обществом, а также институциональной роли литературы; историко-компаративный метод позволяет проследить развитие литературного процесса в историческом и культурном контексте. Результаты исследования выявляют роль казахской литературы в формировании общественного сознания и национальной идеи обновления, процесс становления коллективного литературного субъекта на основе индивидуального творчества, введение литературных форм и эстетическую направленность литературных организаций и газетно-журнальных изданий. Полученные результаты открывают новые возможности для понимания развития литературной прессы в казаховедении и культурологии через призму институционализации дискурса. Статья вносит вклад в теоретическую базу казахской литературоведения и культурологии посредством системного изучения литературного дискурса с институциональной точки зрения.*

*Ключевые слова:* казахская пресса, литературный дискурс, институционализация, литературная критика, национальная литература, литературный процесс, творческое взаимодействие.

## **СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ**

- 1 Кенжекканова Қ.К. Прагматингвистические и когнитивные компоненты политического дискурса (на материале казахоязычных периодических изданий): дисс. доктора философии (PhD). – Алматы, 2015. – 187 с.
- 2 Олешков М.Ю. Основы функциональной лингвистики: дискурсивный аспект. – Нижний Тагил : Нижнетагильская государственная социально-педагогическая академия, 2006. – 146 с.
- 3 Van Dijk T. A. Discourse, knowledge, power and politics: Towards critical epistemic discourse analysis //Critical discourse studies in context and cognition. – John Benjamins Publishing Company, 2011. – С. 27-64.
- 4 Маслова В.А. Когнитивный и коммуникативный аспекты художественного текста. – Витебск : ВГУ имени П.М. Машерова, 2014. – 104 с.
- 5 Кожамет А.Қ., Хусаинова Л.М. Текст и теория дискурса в лингвистических исследованиях // Вестник университета Ясави. – 2023. – №2 (128). – С. 178–189. <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.14>

6 Kendirbay, G. (1997). The national liberation movement of the Kazakh intelligentsia at the beginning of the 20th century. *Central Asian Survey*, 16(4), 487–515. <https://doi.org/10.1080/02634939708401009>

7 Энциклопедия «Айқап» / Сост.: У. Субханбердина, С. Дауитов. – Алматы : Главная редакция «Казахская энциклопедия», 1995. – 370 с.

8 Абдикалык К.С., Кожекеева Б.Ш., Алиева Ж.А. Идея свободы в стихах Магжана, опубликованных в «Айқап» и «Казах» // *Keruen*. – 2022. – Т. 77. – № 4. – С. 98–108. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.4-08>

9 Naureen Durrani, Anna CohenMiller, Zumrad Kataeva, Zhazira Bekzhanova, Assem Seitkhadyrova, Aisulu Badanova, ‘The fearful khan and the delightful beauties’: The construction of gender in secondary school textbooks in Kazakhstan, *International Journal of Educational Development*, Volume 88, 2022, <https://doi.org/10.1016/j.ijedudev.2021.102508>.

10 Kuanyshbayeva Z., Zhiyenbayev Y. Literary elements in kazakh literary language in early 20th century within the context of ayqap journal and maġjan jumabayev’s poetry // *Bilig*. – 2017. – Т. 80. – С. 279-315.

11 Osken, A. Alikhan Bokeikhan’s literary preservation of Kazakh identity against colonial ideology / A. Osken, D. Qamzabekuly, B. Nuriman // *Kritika Kultura*. – 2024. – No. 45, Article 2. – DOI: <https://doi.org/10.13185/1656-152x.103021>

12 Ыскакулы Д. История литературной критики. Учебное пособие. – Алматы : Издательство «Танбалы», 2012. – 580 с.

13 Марсеков Р. Куда идет казахский народ? – Алматы : Издательство «Елтаным», 2013. – 304 с.

14 Камзабекулы Д. «Алаш – идейная основа» (исследовательские статьи). – Алматы : Издательство «Казахская энциклопедия», 2017. – 408 с.

15 Садуақасулы С. Собрание сочинений в двух томах. Том 2. – Алматы : «Алаш», 2003. – 360 с.

Материал поступил в редакцию журнала 16.01.2026

### **The Institutionalization Process of Literary Discourse in the Kazakh Press at the Beginning of the 20th Century**

\*Zh. Zhylykbauly<sup>1</sup>, R. Turysbek<sup>1</sup>, A. Serikova<sup>2</sup>

<sup>1</sup>L. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010008, Kazakhstan

<sup>2</sup>Private Institution «Polytechnic College of Kazakhmys Corporation», Karaganda, 100026, Kazakhstan

*The article is dedicated to a comprehensive study of the institutionalization process of literary discourse in the Kazakh press at the beginning of the 20th century. The main objective of the research is to identify the role of the Kazakh press in shaping literary discourse and to demonstrate its social, normative, and aesthetic functions. The scientific framework is based on four main criteria: thematic consistency, authorship community, normative standards, and social function. The article analyzes materials from the Ayqap journal and the Kazakh, Saryarqa, and Zhas Azamat newspapers and journals, the contribution of the portrayal of women to literary discourse, and the institutional role of translation literature and literary criticism. The methodological foundation of the study relies on three approaches: content analysis, discourse analysis, and historical-comparative method. Content analysis allows for a systematic examination of texts’ genre, thematic, and social content; discourse analysis helps reveal the relationship between literature and society and its institutional role; the historical-comparative method enables tracing the development of literary processes within historical and cultural contexts. The results of the study highlight the role of Kazakh literature in shaping public consciousness and the idea of national revival, the process of forming a collective literary subject from individual creative practices, the introduction of literary forms, and the aesthetic orientations of literary organizations and newspapers. The findings provide new opportunities for*

*understanding the development of literary press in Kazakh literary studies and cultural scholarship. The article contributes to the theoretical foundation of Kazakh literary studies and cultural research by systematically examining literary discourse from an institutional perspective.*

*Key words: Kazakh press, literary discourse, institutionalization, literary criticism, national literature, literary process, creative interaction*

## REFERENCES

- 1 Kenzhekanova K.K. Siyasi diskursstyn pragmalıngvistikalik zhene kognitivtik komponentteri (qazaq tilindegi merzimdi basylymdar materialdary boıynsha) [Kenzhekanova K.K. Pragmalinguistic and cognitive components of political discourse (based on materials of Kazakh periodicals)] : filosofiya (PhD) dok. diss. – Almaty, 2015. – 187 p. [in Kazakh].
- 2 Oleshkov M.Yu. Osnovy funktsionalnoy lingvistiki: diskursivnyy aspekt [Fundamentals of functional linguistics: discursive aspect] : ucheb. posobie dlya studentov fak. rus. yaz. i lit. / avt.-sost. M.Yu. Oleshkov. – Nizhniy Tagil, 2006. – 146 p. [in Russian].
- 3 Van Dijk T. A. Discourse, knowledge, power and politics: Towards critical epistemic discourse analysis //Critical discourse studies in context and cognition. – John Benjamins Publishing Company, 2011. – С. 27-64. [in English].
- 4 Maslova V. A. Kognitivnyy i kommunikativnyy aspekty khudozhestvennogo teksta [Cognitive and communicative aspects of the literary text] (Vitebsk, 2014). [in Russian].
- 5 Kozhakhmet A.K., Khusainova L.M. Tekst i teoriya diskursa v lingvisticheskikh issledovaniyakh [Text and discourse theory in linguistic research], Vestnik Yasauı Universiteta [Bulletin of Yasauı University], 2 (128), 178–189 (2023). <https://doi.org/10.47526/2023-2/2664-0686.14> [in Kazakh].
- 6 Kendirbay, G. (1997). The national liberation movement of the Kazakh intelligentsia at the beginning of the 20th century. *Central Asian Survey*, 16(4), 487–515. <https://doi.org/10.1080/02634939708401009> [in English].
- 7 Encyclopedia "Aikap" [Encyclopedia "Aikap"] / Comp.: Ü. Subkhanberdina, S. Dautov (Almaty, 1995).[in Kazakh].
- 8 Abdikalyk K.S., Kozhekeeva B.Sh., Alieva Zh.A. «Aikap» pen «Qazaq» zhariyalangan Mağjan öleñderindegi azattyq ideya [The idea of freedom in Mağjan’s poems published in «Aikap» and «Qazaq»], Keruen, 77 (4), 98–108 (2022). <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.4-08> [in Kazakh].
- 9 Naureen Durrani, Anna CohenMiller, Zumrad Kataeva, Zhazira Bekzhanova, Assem Seitkhadyrova, Aisulu Badanova, ‘The fearful khan and the delightful beauties’: The construction of gender in secondary school textbooks in Kazakhstan, *International Journal of Educational Development*, Volume 88, 2022, <https://doi.org/10.1016/j.ijedudev.2021.102508>. [in English].
- 10 Kuanyshbayeva Z., Zhiyenbayev Y. Literary elements in kazakh literary language in early 20th century within the context of ayqap journal and mağjan jumabayev’s poetry //Bilig. – 2017. – T. 80. – С. 279-315. [in English].
- 11 Oskan, A. Alikhan Bokeikhan’s literary preservation of Kazakh identity against colonial ideology / A. Oskan, D. Qamzabekuly, B. Nuriman // *Kritika Kultura*. – 2024. – No. 45, Article 2. – DOI: <https://doi.org/10.13185/1656-152x.103021> [in English].
- 12 Ysqaquly D. Ädebiy syn tarihi [History of literary criticism] (Almaty, 2012). [in Kazakh].
- 13 Marsekov R. Kazakh kaida barady? [Where is the Kazakh people going?] (Almaty, 2013). [in Kazakh].
- 14 Kamzabekuly D. «Alash arqauy» [The backbone of Alash] (Almaty, 2017). [in Kazakh].
- 15 Saduakasuly S. Eki tomdyk shygharmalar zhinagy. Tom 2 [Collected works in two volumes. Volume 2] (Almaty, 2003). [in Kazakh].

Received: 16.01.2026